



Қазақтардың ұлттық мәдениетінің негіздері

Қазақ мәдениетінің бастаулары

* Әлемдік мәдениет ырғақтарын анықтаған соң, қазақ мәдениетіне тоқталайық. Қазақтар – Қазақстан Республикасының негізгі тұрғындары, әлемдегі жалпы саны 16 миллионнан асады, исламдық суперөркеніеттің солтүстік шығыс жағын мекендейді, діні жағынан ханифиттік мағынадағы мұсылман сунниттер, Алтай тіл бірлестігінің түрік тобының қыпшақ топтамасына жатады.



Бұл мәдениетті түсіну мақсатында алдымен оны кеңістік өрісі мен уақыт ағынында қарастырып, кейін қазақ мәдениетінің типтік ерекшеліктерін айқындайық. Қазақ мәдениеті еуразиялық Ұлы дала көшпелілерінің мұрагері болып табылады. Сондықтан осы ұлттық мәдениетті талдауды номадалық (көшпелілік) өркениет ерекшеліктерінен бастайық.



Көшпенділер өркениеті

*Әрбір ұлттық мәдениет бос кеңістікте емес, адамдандырылған қоршаған ортада әрекет етеді. Мәдени кеңістік оқшау, мәңгіге берілген енші емес. Ол тарихи ағынның өрісі болып табылады. Мәдени кеңістіктің маңызды қасиеті — оның тылсымдық сипаты. Мысалы, «ата қоныс» ұғымы көпшелілер үшін қасиетті, ол өз жерінің тұтастығының кепілі және көршілес жатқан мекендерге де қол сұғуға болмайтындығын мойындайды. Қауымдық қатынас мекендер егемендігінен туады. Ата қоныстың әрбір жағрафиялық белгілері халық санасында киелі жерлер деп есептелінеді, яғни қоршаған орта киелі таулардан, өзен-көлдерден, аңғарлар мен төбелерден, аруақтар жататын молалардан т.б. тұрады. Олардың қасиеттілігі аңыз-әпсаналарда, жырлар мен көсемсөздерде болашақ ұрпақтарға мұра ретінде қалдырылған.



* Белгілі бір парасаттылық, ізгілік, ұстамдылық, интуициялық жоғары қабілеттері жоқ адамдар қатал далада өмір сүре алмас еді. Кеңістікке үйлесімді мәдениетте адам мен табиғаттың арасында «қытай қорғаны» тұрған жоқ. Керісінше, мәдениет олардың арасындағы нәзік үндестікті (гармонияны) білдіретін дәнекер қызметін атқарады. Қазақтың төл мәдениетінде экологиялық мәселе әдептіліктік жүйесіндігі обал және сауап деген ұғымдармен тікелей байланыстырылды.

*Табиғат аясындағы мәдениетті қатып-сеніп қалған, өзгеріссіз әлем дейтін пікірлер де әдебиетте жиі кездеседі. Алайда, бұл осы мәдениетке тынымсыз қозғалыс тән екендігін аңғармаудан туады. Шексіз далада бір орында тоқталып қалу көшпелілік тіршілікке сәйкес келмейді. Ол мезгілдік, вегетациялық заңдылықтарға бағынып, қозғалыс шеңберінен шықпайды. Әрине бұл қозғалыс негізінен қайталанбалы, тұрақты сипатта болады. Қуаң даланы игеру табиғатты өзгертуге емес, қайта оның ажырамас бір бөлігіне айналуға бағытталған. Яғни, адам табиғат құбылыстарына тәуелді болып қалады.

Көшпенділердің жол серігі




*Енді қарастырып отырған өркениеттің кеңістікті игеру құралдарына тоқталып өтейік. Бұл жерде ең алдымен көшпелілер өміріндегі жылқының ерекше бір қызметіне назар аударған жөн. Жылқыны адам еркіне көндіру арқылы адамзат кеңістікті меңгеру ісінде үлкен қадам жасады. К. Ясперстің пікірі бойынша, тағылықтан өркениетке өтуде жер суару жүйелерін жасаумен, жазудың ашылуымен, этностардың пайда болуымен қатар жылқыны пайдалана білу адамзат үшін өте маңызды болды.

* Жылқыны пайдалана білу шектелген кеңістіктен бүкіл әлемді игеруге бағытталған қадам еді. Бұл әртүрлі мәдениеттердің сұхбаттасуына мүмкіндік берді. Әрине, бұл сұхбаттасу көптеген жағдайда зорлық-зомбылық арқылы жүзеге асқанын ұмытпаған да жөн.

* Сонау көне заманнан халықтар солтүстіктен оңтүстікке, шығыстан батысқа қарай (немесе керісінше) қозғалыста болған. Белгілі болжам шумерліктердің Қосөзен аңғарына Орталық Азиядан келгенін, үндігерман тайпаларының оңтүстікке жылжып, Үндістан, Иран, Грекияға енгенін, түрік тайпаларының Кіші Азияны жаулап алғанын көрсетеді.

Музыка тарихына шолу

* Бірінші кезең — Біздің заманымызға дейін III ғасыр мен біздің заманымыздың VI ғасыры аралығы. Бұған сақ заманынан бастап, көне түркі тайпаларының қиял-ғажайып тақырыптарға арналған күйлері, жорық сарындары, айтулы батыр, дана ару, ерге серік қанатты пырақат, киелі жан-жануарлар туралы өте ертеден келе жатқан күйлер сарыны жатады. Мәселен, "Қос мүйізді Ескендір", "Көк төбет", "Көк бөрі", "Шыңырау", "Аққу", "Сарын", "Өгіз өлген", "Тарғыл бұқа", "Боз іңген", "Боз айғыр" сияқты күй-сарындар. Бұл күй-сарындар міндетті түрде аңыз-әңгімелермен қосарланып жүреді.



*Екінші кезең — оғыз-қыпшақ күйлері (VI—XII ғасырларда). Бұған Қорқыттың күйлері — "Қорқыт", "Тарғыл тана", "Ұшардың ұлуы", "Желмая", қазір аты белгісіз сазгерлердің "Абыз толғауы", "Саймақтың сары өзені", "Айрауықтың ащы зары", т. б. күйлер жатады.

*Үшінші кезең — ноғайлы дәуірінің күй-жырлары (XIII—XVI ғасырларда). Бұл кезде ауызша және әуенмен айтылатын батырлық, ғашықтық — "Алпамыс", "Қобыланды", "Қамбар батыр", "Ер Тарғын", "Едіге", "Қырымның қырық батыры", "Орақ—Мамай" сияқты жырлар туған. Дәл осы заманда Сыпыра жырау, Асан қайғы, Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіздердің өлең-жырлары дүниеге келген. Осы жырлардың бәрінің шыпшырғасын шығармай сақтап қалған — тек қазақ халқы. Өйткені "Қазақ" атауы орныққанға дейінгі ортақ жиынтық атау — "ноғайлы елі" деген жұртқа, негізінен, қазақ ру-тайпалары кірген еді. Ноғайлы заманының музыкалық мұрасына "Ақсақ құлан", "Жошы ханның жортуылы", "Шора батыр", "Әмір ақсақ", "Қамбар күйі", Асан қайғының "Ел айырылған", Қазтуғанның "Сағыныш" сияқты күйлері жатады.

*Төртінші кезең – Жоңғар шапқыншылығы кезеңі (XVII–XVIII ғасырларда). Оған: "Елім-ай" әні, "Қаратаудың шертпесі", "Қалмақ биі", "Беласар", "Абылайдың қара жорғасы", т.б. күй, әндермен қатар сол заманғы қазақ батырлары жөніндегі жыр-дастандарды жатқызуға болады.



*Бесінші кезең — XVIII—XIX ғасырларда және XX ғасырдың басында туған музыкалық мұраларымыз. Оған: Құрманғазы, Дәулеткерей, Тәттімбет, Тоқа, Сейтек сияқты күйшілер күйлерін, Біржан сал, Ақан сері, Мұхит, Абай, Мәди, Балуан Шолақ, Жаяу Мұса, Ыбырай, Майра, Кенен Әзірбаев, Жамбыл, т.б. әндерін жатқызуға болады.

Қазақ халқының материалдық мәдениеті



1.Қазақтың ұлттық киімі



Қазақтың ұлттық киімдері:



Киізден
жасалатын
киімдер: Байпақ,
кебенек, киіз етік

Теріден
жасалатын
киімдер: Тон,
бөрік, құлақшын,
кебіс, мәсі

Жүннен
жасалатын
киімдер: Жадағай
шапан;
Шекпен;
Түйе жүн кеудеше

Киімнің негізгі түрлері:

*Сыртқы киімдер:
шапан,
тон,
ішік*

*Ерлердің бас
киімдері:
Бөрік, жекей
тымақ,
құлақшын, тақия*

*Іштік киімдер:
бешпент, биялай,
қамзол,
жейде (көйлек)
шалбар*

*Әйелдердің бас
киімдері:
бөрік, кимешек,
орамал,
тақия*

*Аяқ киімдер:
кебіс,
мәсі,
байпақ, етік*

2.Қазақтың музыкалық аспаптары



Домбыра — ертеден келе жатқан қазақ халқының ең сүйікті, ел арасына кең тараған, түрлі шежіреге бай, музыкалық аспабы. Ол ұлттың тарихында қарапайым халықтың қуанышы мен қайғы-қасіретін тең бөлісіп, қазақтың басын торлаған ауыр кезеңдерінде жұбаныш бола білген алып та ұлы аспап. **Домбыра** — жазу-сызу мен қазақтың қаламы мен сахнасының қызметін тең атқарған аспап. Домбыра-ішекті аспаптардың ең көне түрі. Домбыра қасиетін жырлайтын этнологиялық аңыздар өте көп.



«**Домбыра**» **атауының** шығуы жайлы таластар көп. Солардың бір қатары: «**Дембира**» деген қыз атынан шыққан болуы керек деп те топшалайды, себебі шығыс елдерінде қастерлі, қасиетті нәрсеге немесе кейбір көпшілік орынға әйел адамның есімін беру үрдісі бар. Пішіні домбыраға ұқсас, төрт ішекті шертпелі асап үнді халықтарында «**тампура**» деп аталады. Ішекті шертпелі аспап «**пандура**» гректерде бар. Сонымен нақты атауы қайдан шыққаны әзірге белгісіз.

Асатаяқ



Асатаяқ - қазақ халқының ежелгі музыкалық аспабы. Асатаяқты абыздар - қазақ халқының ежелгі музыкалық аспабы. Асатаяқты абыздар мен бақсылар - қазақ халқының ежелгі музыкалық аспабы. Асатаяқты абыздар мен бақсылар ұстанған. Әдетте, олар асатаяқты қылқобыз бен даңғыраның үніне қосып қолданатын болған. Асатаяқ жасалу тәсіліне қарай "күмбезде", "жалпақ басты", "ай басты", "жылан басты", "сопақша", "қалақша", т.б. болып келеді. Оларды ырғақтатып, сілкіп, шайқап ойнайды. Асатаяқ емен, үйеңкі, қайың, долана секілді қатты ағаштардан жасалады. Бетіне әр

3. Қазақтың киіз уйі





ШАҢЫРАҚ – отбасылық жәдігер, әулет жалғастығының белгісі. Оны еш уақытта тәңкерете және жерге тастауға болмайды



Жиһаздарды қоса есептегенде киіз үйдің жалпы салмағы -

300-400 килә -

Бір түйе көтере алатын жүктің шамасы

Киіз үйдегі ауа температурасы қысқада жылы. Оны реттеп отыруға болады

Далада	Киіз үйде
+25-27 °C	+17-19 °C
-30-35 °C	+5-8 °C

Табалдырықты әдейілеп биік, ал маңдайшаны төмен етіп жасайды. Салт бойынша киіз үйге оң алғаш, басты елті еруірек. Бұл оларды қабылдаған үйге деген үлкен құрметіңді білдіреді

Киіз үйді әдетте 2-3 адам 1 сағаттың ішінде құра алады



1. Кереге

(Жазылмалы торкез қыбырға) Алдымен керегені орнатады. Керегенің жеке бөліктерін қанаттары деп атайды



2. Шаңырақ

(Үйдің уық қадайтын дөңгелек шеңбері) Шаңырақты үлкен бағанмен көтереді



3. Уықтар

(Шаңырақ пен керегені бөйтер) Шаңырақтың ойықтарына айнала шаншылып, керегенің басына тізіле байланады



4. Сықырлауық

Ескітің өкі жақтағы таяныштарына киіз үйдің жарма өсігі бейгітеледі



5. Киіз

Үйдің сүйегі толық құрылғаннан кейін, оның сыртын киізбен жабады. Сосын киізді арнайы баумен уықтарға байлайды. Киіздің төрт түрі болады




Киіздің төрт түрі болады:

1. Туырлық (Кергелерге жабылады)
2. Үзік (Уықтардың үстін ала жабылады)
3. Түндік (Шаңырақтың үстін)
4. Киіз өсік (Киіз үйдің өсігін сыртынан жауып тұрады)

Киіз үйдің сүйегін көпкен талдан, жіңішке қайыңнан немесе теректен жасайды

Қазақтың зергерлік бұйымдары:





Қазақ халқының **зергерлік өнері** ерте замандағы шеберлердің дәстүрлерін жалғастыруда. Ол этнос мәдениетін құрайтын маңызды бөліктердің бірі болып табылады.





Рухани мәдениет

Қолмен ұстап, көзбен көруге болмайтын,
тек санамен, түйсікпен қабылданатын
мәдениет жетістіктерін біз *рухани*
мәдениет дейміз.



Тіл және жазу.

- Түркі жазуында бір – бірімен қосылмай жазылатын 38 әріптерден тұратындығы белгілі.
- Түркі дәуірінен қалған атақты «Күлтеген», «Білге қаған» сияқты тасқа жазылған дастандар қазақ тіліне аударылып, біздің оқырмандарымыздың қолына тиіп отыр. Қазақ халқы ол дастандарды өздерінің төл дүниесіндей қарсы алды. Оған басты себеп, ондағы жазылған әдет – ғұрып, салт – сана, діни – наным, сенім, мақал – мәтел, батырлық жырлардың үлгілері бәрі, халқымыздың тірлік – тіршілігінен алынғандай ұқсас. Бұл мұралар қазақ халқының ертеден келе жатқан бастауы.



Діни нанымдар.

- VI–XII ғасырлардағы Қазақстан территориясындағы халықтардың арасында алуан түрлі діндер, нанымдар мен сенімдер орын алып отырды.
- Түркілердің көкке немесе аспан әлеміне сиынушыларын күлтегін жазуындағы мына шумақтан анық байқалады:
 - - Көкке түркі тәңірісі,
 - - Тәңірі қуат берген соң,
 - - Тәңірі жарылқағандықтан.

- Қазақ жерінде жазу-сызу сақ дәуірінен бастап пайда болған сияқты. Есік қаласының түбінен табылған "Алтын адамның" қабірінен жазуы бар күміс тостаған шықты. Тостағанның сыртында екі жолға жазылған 26 таңба бар. Оны А.Аманжолов көне түркі тілі сияқты оңнан солға қарай оқыған. Жазудың мазмұны мынадай екен: *"Аға, саған (бұл) ошақ! Бөтен (жат ел адамы) тізеңді бүк! Халықта азық-түлік (мол болғай!)!"* Зерттеушінің пікірінше, бұдан 2500 жыл бұрын түркі тілдес сақ тайпалары әліпбиін жазуды білген.

**Назарларыңызға
рахмет!!!**